

МЕН САҚТАНДЫРЫЛҒАНМЫН: МЕНИҢ ҚҰҚЫҒЫМ ҚАНДАЙ?





ЕГЕР СІЗ МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ САҚТАНДЫРЫЛЫП, МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ТӨЛЕМДЕР ЕНГІЗСЕҢІЗ, СІЗГЕ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ:

1

ҚАЖЕТ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА ЖӘНЕ КӨРСЕТКІШТЕР БОЙЫНША БАРЛЫҚ КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ-ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КӨМЕК. БҰЛ:



уруды диагностикалау, емдеу және бақылау бойынша бейінді мамандардың кеңестері



диагностикалық қызметтер, соның ішінде зертханалық қызметтер және КТ, МРТ, ПТР, ИФА және т. б. сияқты қымбат тексерулер



тегін амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің бекітілген тізбесі шеңберінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету




ересектерді профилактикалық тексеру-жатыр мойны обырына, сүт безі обырына, колоректальды обырға, гепатитке скринингтік тексерулер



жоспарлы және шұғыл стоматология-халықтың жекелеген жеңілдікті санаттары үшін (балалар, жүкті әйелдер, көп балалы аналар, зейнеткерлер, мүгедектер, атаулы әлеуметтік көмек алушылар және т. б.).

2





ЕГЕР СІЗ МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ САҚТАНДЫРЫЛЫП, МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ТӨЛЕМДЕР ЕНГІЗСЕҢІЗ, СІЗГЕ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ:

2

СТАЦИОНАРДЫ АЛМАСТЫРАТЫН КӨМЕК, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҮЙДЕГІ СТАЦИОНАР



Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды пайдалана отырып, күндізгі стационарда емдеу, медициналық манипуляциялар мен шағын хирургиялық операциялар жүргізу

3

ЖОСПАРЛЫ СТАЦИОНАРЛЫҚ КӨМЕК



Жоғары технологиялық медициналық қызметтерді қолдана отырып және тәулігіне 24 сағат медициналық бақылаумен тәулік бойғы стационарда емдеу, хирургиялық операциялар жүргізу

4

МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҢАЛТУ



Инсульттан, операциядан және ауыр сырқаттан кейінгі медициналық оңалту, оның ішінде ковидтен кейінгі оңалту